



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (96)

Нұр-Сұлтан
2022

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Жизнь музея

Акжасарова А.К., Жумагулова К.Б.,
Ибраева Г.О. Легенда казахской сцены..... 4

Археология

Кунитаке Садакатцу, Таймагамбетов Ж.К.
Микропластинчатая индустрия раннего
верхнего палеолита на юге Казахстана:
подробный анализ кареноидных нуклеусов для
пластинок из стоянки Бүйрекбастау-бұлақ-1 в
горах Каратау 10
Абилмаликов К.К., Курманиязов Ы.С.,
Назаров А.Ж. Утюжок в Ботайской
археологической культуре 35

Этнография

Төлегенұлы Б. Орхон-Енисей жазбаларындағы
«елші» және «йалабач» атаулары хақында 42
Артықбаев Ж.О. XIX ғасырдағы қазақ
қоғамының этноәлеуметтік құрылымы мен
ерекшеліктері 48

Бейнелеу өнері

Ақсақалова Ж.А. Соцреалистік сипаттағы
Қазақстан кескіндемесіндегі еркіндік тақырыбы
..... 60

Тарих

Нұрахметұлы И. Ғұн империясы – қазақ
мемлекеттілігінің бастауы 68

Тарих. Тұлға. Тағылым

Алпысбес М. Абай және оның заманы мен
тарихи көзқарастары 74
Оспан С.К. Шолақ туралы шындық 86
Оспан С.К. Тумайды енді қайтып Иманжүсіп
..... 102

Филология

Жақан Ә.Қ. Әлемдік шығармалардағы
Шыңғыс хан бейнесі 112
Айтүганова С.Ш. Детальдың көркем туынды
құрылымындағы орны 121

Музей ісі

Құрманязов И.С., Жасекенов М.Қ.,
Тілеуқабыл Ж.Ж. Арал және Қазалы аудандық
тарихи-өлкетану музейлерінің құрылу
тарихынан 131
Көзейбаев С.Ә., Сайлау А. Тарихи мұраны
ұлықтаған жоба 143

CONTENTS

Museum life

Akzhassarova A. K., Zhumagulova K. B.,
Ibraeva G. O. Legend of the kazakh stage 4

Archeology

Kunitake Sadakatsu, Taimagambetov Zh.K.
Microplate industry of the early upper paleolithic
in the south of Kazakhstan: detailed analysis of
karenoid nuclei for plates from the Buirekbastau-
bulak-1 man site in the Karatau mountains 10

Abilmalikov K.G., Kurmaniyazov Y.S.,
Nazarov A. Zh. Flat iron in the Botai archaeological
culture 35

Ethnography

Tolegenuly B. About the names «Elshi» and
«Yalabacch» in the Orkhon-Enisei records 42
Artykbayev Zh.O. Ethnosocial structure and
features of kazakh society in the nineteenth
century 48

Fine arts

Aksakalova Zh.A. The theme of freedom in
painting of Kazakhstan of social realistic character
..... 60

History

Nurahmetuly I. The hun empire – the beginning of
the kazakh Statehood 68

History. Personality. Learning

Alpysbes M. Abay and its time and historical views
..... 74
Ospan S.K. The truth about Baluan Sholak 86
Ospan S.K. Life and creativity of Imanjusup
..... 102

Philology

Gakan A.K. The image of Genghis khan in the
world works 112
Aituganova S.Sh. The place of the details in the
structure of the artwork 121

Museum business

Kurmaniyazov Y. S., Zhasekenov M.K.,
Tleukabyl Zh. Zh. From the history of the creation
of the Aral and Kazalinsky regional museums of
history and local lore 131
Kozeibaev S.A., Sailau A. A project that glorifies
the historical heritage 143

Алпысбес М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: alpysbes@gmail.com

АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ МЕН ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Абай Құнанбайұлы, барлық әлемдік ұлы ақындар сияқты, ең алдымен – өз заманының тумасы, өз дәуірінің жоқшысы, өз халқының өмірлік мақсат-мұраттарының жанашыры, шырақшысы. Дала данышпаны, ойшыл ақын, туған халқын, өсіп-өнген елін-жерін сүйген, оның болашағын ойлап қам жеген, оның қалыпты дамуына кедергі келтіретін қоғамдық керітартпа құбылыстарға қарсы күрескен қайраткер тұлға. Ақынның гуманистік, тарихи көзқарастары күні бүгінге дейін мән-маңызын жойған жоқ. Оның өмірлік ұстанымдары білім-іліммен жүйеленген, ішкі терең пайым-парасатына негізделген, туған халқының болашағы үшін жаны алаң жанның жалпы дүниетанымынан туындайтын сындарлы көзқарас болып табылады. Осы орайда автор аталған мәселені қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан саралайды.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, заман, қоғам, адам, рухани мұра, тарихи көзқарас.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының (1845-1904) шығармашылығымен өлең, дастан, ән, күй, қара сөз туындыларының дүниеге келуі, жасаған аудармалары әдеби-көркем тұрғысынан немесе хатталған ақыл-ой мұрасы ретінде әдебиеттанушылар мен тіл мамандары, мәдениеттанушылар мен философтар, дінтанушылар арнайы зерттеуге алып, көптеген еңбектер жазды. Бұл зерттеулердің негізгі пәні мен зерттеу нысаны – Абай туындыларындағы адам тақырыбы. Гуманитарлық білім тұрғысынан, қоғамдық ғылым салалары адамтану тұрғысынан өзара жақын болғанымен, әрқайсысының өз міндеті бар екені белгілі. Абайдың шығармашылығы мен мәдени мұрасы олардың әрқайсысына рухани азық беріп, зерттеу тақырыбына негіз болады, әсіресе пәнаралық ізденістер жасауға да мүмкіндік тудырып, қоғамтану

ілімін үлкен ғылыми нәтижелерге жеткізеді. Осындай зерттеулердің басы Абай туралы алғашқы жазылған ақынның өмірбаяны туралы естеліктерден бастау алып, дамып, толықтырылып, үлкен зерттеу монографиялық еңбектерге айналды. Ұлы мұраның жекелеген қыр-сырларын танып білуге арналған кішігірім мақалалар жазылып, жалғастығын тауып жатты (Бөкейхан, 1905).

Абай туралы тарихшылар қатары қоғамдық ой-сана, әлеуметтік-саяси мұралар тұрғысынан қарағаны болмаса, қазақ халқының тарихи шығу тегі, қазақтың ұлт ретінде қалыптасу мәселелері, қазақ тарихы мен этнографиясы жағынан зерделенгені аздау болды. Қазақ халқының ұлттық тарихының өзекті мәселелерін қарастыруда, қазақтың тарихи шығу тегін зерттеуде ең алдымен Шоқан, Абай, Мәшһүр Жүсіп,



Нұржан Наушабай, Шәкәрім сынды қазақтың біртуар ұлы ғалымдарының еңбектері дәйекті деректерге сүйенген, халықтың тарихи білімінің таптырмайтын үлгісі болып табылады. Көбіне олар төл тума шежіре дәстүріне негізделген, тарихи-этнографиялық деректер өзінің ғылыми құнын жоймаған, сол үшін ғылыми айналымда болуы тиіс.

Тарих ғылымы бағытында үнемі ізденуге қажеттақырыптың бірі қазақ халқының сақалар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар, мұғолдар, ноғайлы дәуірі, өзбек-қазақ кезеңіндегі Ұлы Дала – Дешті-Қыпшақ аумағында орын алған этногенездік үдерістерді этникалық және өзара тарихи-мәдени сабақтастық мәселесін түбегейлі әрі бірізді ғылыми концепция аясында оқытуды қажет етеді. Осы тұрғыда Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты еңбегі аса маңызды және осы уақытқа дейін тарихшы-этнографтар тарапынан тиесілі назар аударылмай келген. Мысалы, қазақтың этногенез мәселесі туралы, «қазақ» сөзі, этнонимінің шығуы туралы еңбектер жазған атақты ғалымдар Әділгереев, Ибрагимов және т.б. Абай айтқан ойлар өзара сабақтастырылмады. Осы тұрғыда Абай еңбектерін саралау, талдау, соған қатысты осы уақытқа дейін жиналып, қордаланып келген деректемелік-тарихнамалық қалың мағлұматтарды зерделеу өзекті болып тұр. Абай заманында Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» еңбегі жазылған, «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» кітабын М. Тынышпаев шығарған. Қадірлі Шәкәрім қажы 1911 жылы «Түрік, қазақ, һәм хандар» кітабын басты.

«Абай» журналын бастамашысы болып, баспадан жарыққа шығартып тұрған Жүсіпбек Аймауытов: «Қазақ халқын надандықтан айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды», – деп жоғары бағалады (Аймауытов, 2015: 147). Абай – хақиқаттың ұшқыны! Абайдың тарихи көзқарастары, құқықтық, әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени құнды мұрасы мектепте қазақ әдебиетін оқытуда ғана емес, тарихи білім беретін тарихшыларға да өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтары туралы танымын тәрбиелеу

үшін өте керек және қоғамтану тұрғысынан ғылыми айналымға түсуі тиіс. Ұлы тарихи тұлғалар – Абайдың туғанына 175 жыл, ал Шоқанның туғанына 185 жыл биыл толуына орай, мұны тағы ескеру қажет.

«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», – деп ұлт тарихындағы ерекше орнын тағы бір рет еске салып атап өтті (Тоқаев – www.akorda.kz). Бұл ой-пікір тақырыптың көкейкестілігін де ерекше ашып тұр. Қазақ мемлекетінің стратегиялық міндеттері мен ұлттық идеологияның сұраныстарын өтеп тұрған маңызды әрі мазмұны жағынан мағыналы мәселенің қатарынан табылатыны анық. Қазақ халқының тарихи білімі ұлттық идея негізіне айналуы қажетті дәстүрлі қор ретінде де көрініс табады. Ұлттық идеология қызметін атқару – тарихшының ең әуелгі парызы.

«Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны» атты мақаласында профессор Мәмбет Қойгелдиев: «Абай сияқты тұлға Батыс пен Шығысты тел емген деген пікір басым алған сәтте бүгін, яғни Абайды жаңаша түсінуге мүмкіндік туған жағдайда «ойшылды өмірге әкелген топырақ пен ортаның жазығы қандай еді?» деген сауал көңілге орала береді» деп өте орынды жазған (Қойгелдиев, 2016). Кеңестік кезең дискурсында қазақ халқына ықпал етуші Шығыс пен Батыс әсерлері жағы көбірек айтылып, далалық мәдени ортаның өркениет тудырушы қуаты туралы айтыла қоймады, жылдар бойы тіпті тыйым салынып та келді. Оның барлығы да бұрыннан қуатында тұрған еуроцентристік көзқарастардың теріс әсерінен, көшпелі халықтар тарихына деген біржақты әділетсіз ұстанымның кесірінен болды. Абайды және оның рухани мұрасын тарихи тұрғыдан талдау, негізінен қазақ халқының тарихына орайластырып, тарихи таным жағынан қарастыру жақынырақ болғандар мәдениет пен фольклор, қазақ шежіресі мен халық мұрасы, қазақ

археологиясы мен этнографиясы, шығыстану мен түркология тақырыбынан зерттегендерге тән болды деп қана бағалауға болады.

Тарихи білім үйреніп, тарихи жаңа ой дамытушы, тарихи деректерді талдаумен ізденіп, тарих бөлімін тамамдап жатқан жас тарихшылардың қатары Қадырғали Жалайыри, Мұхаммед Қайдар Дулати, хиуалық Әбілғазы Баһадүр хан, Өтеміс қажы, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабайұлы, Құрбанғали Халиди, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Маннан Тұрғанбайұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, Санжар Асфендияров, Біләл Аспандияров, Ермұқан Бекмахановтардың жазған тарихи туындылары мен еңбектерін игергендер көп болып, мектеп іргесінде жас буын қазақ ұландары ұлттық тарихи білім маржандарын білуден озық болуы тиіс (Жалайыр, 1997). Бұл мәселеге тікелей қатысы бар, қазақ қоғамын жаңаруға, ғылым-білімге ден қойып, даму арқылы ілгері өзгеруге шақырған Шоқан, Абай, Ыбырайлардың рухани мұрасындағы әлеуметтік-тарихи ойды, діни-философиялық концепцияларды, надандықпен күрес, ағартушылыққа үндеу қызметтерін де тарихи білім беру мен тәрбиелеу барысында насихатталуы аса маңызды.

Абайдың рухани мұрасын талдап, ұлы ақынның еңбек философиясы, құдай теософиясы, өмір, әділдік және махаббат туралы ойшылдығы, әлеумет мұқтажы сияқты мәселелерді зерттеуші ғалымдар жан-жақты сөйлетіп, талдай білді. Әдебиеттанушылар Абайдың өзекті әлеуметтік поэзиясын саралап, тіл ерекшеліктерін айтты, көркемдік сипаттарын ашты, ал тарихшы қандай ғылыми ізденіс нысаны мен пәні бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Абай болса қара сөз, өлеңнен басқа қазақ қоғамын оң бағытта өзгертуге, қазақ халқының өміріндегі ескірген тұрмыс салтын сынға алып, позитивті жаңашылдыққа шақырған және отаршыл орыс әкімшілігінің заң жүйесінің ықпалына толығымен түсіп кетпей, озбыр шешімдеріне тосқауыл бола алатын, қазақтың дәстүрлі дала әділ заңының күшін сақтау үшін, қазақ ортасындағы жүгенсіздікті тыйып, ескірген сана сарқыншақтарын жоюға бағытталған жаңа ереже жазуға ұлықтарды

көндіріп, ережелер құрастырып жазғаны белгілі. Ендеше осы негізде заң тарихы мен адам құқығы, мемлекет пен идеология, тарих пен әлеуметтану пәні жайлы ізденіс жасауға да болады.

Абай айтып кеткен әлеуметтік кикілжің көріністерін желеу етіп, таптық көзқарас тұрғысынан дәріптегенде, «Абай мұрасын қараңғы қазақ қоғамына қарсы қоя отырып талдау үрдісі үстем болды» (Қойгелдиев, 2016: 6). Дәуірі өтіп кеткен бұл ескі ұстанымдарды жойып, бүгінгі күн тәртібінде өзекті мәселені сөйлету қажет. Мысалы, қазіргі таңда халықтық болмысы мен ұлттық кодты сақтау, ұлттық бірегейлік – қазақ жұртының ана тілінде нақты сөйлеп, ойласып, бірлесе амал-әрекет қылу мағынасында халықтық тұтастықты қалыптастыру, мемлекеттік тілді өзінің заңды ресми және ұлтаралық тіл ретінде өзінің тұғырына қондырып, мемлекеттілік құру тәртібі мен дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етуде, ұлттық идеологияны ең ұтымды қылып жасау жолындағы міндеттер тұрғысынан бұл мәселенің өзектілігі, қолданбалы, тәжірибелік мағыналары да арта түседі. Сондықтан, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев байқап қалғандай, «Абай ХІХ ғасыр соңындағы қазақ мәдениеті мен қоғамдық ойының жинақы көрінісі». «Абай қазақ топырағынан бой көтерген, оның отына күйіп, суығына тоңуға даяр толық табиғи төл тума құбылыс» (Қойгелдиев, 2016: 6) деп тану қажет. Бұл ұғымдарды басты ұстаным ретінде тарихи зерттеулерге негіз етіп алу қажет.

«Абай және қазақ шежіресі» тақырыбын қозғағанда, бұл мақаланың міндеті Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты шағын еңбегін талдауға алып, оның мағыналарын ашу. Бұл мәселе аясында, алдымен Абайдың тарихи көзқарастары туралы, әсіресе қазақтың өткен тарихы туралы пайымдары жайында пікір қозғаудан бастау керек. Тақырып аясында әртүрлі мәселелер қаралуы мүмкін. Ең алдымен, Абай әулетінің шежіресі, қазақтың шығу тегі туралы деректер мен құнды ойлар қамтылуы да тиіс. Бұл турасында тарихшы әрі әдебиет зерттеушісі, профессор Ә.М. Жиреншиннің мына сөзі өте дұрыс: «Абайдан бұрынғы қазақ елінің әлеуметтік халын білмей, Абайдың туған айналасын, өмір ұясының кім екеніне түсінбей жоғарыдағы Абайдың «жұмбағын» шешу де



қиын» деген тұжырымын келтіру маңызды (Жиреншин, 1961: 7).

XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасыр басында қазақ халқының өткен тарихын білуге деген ынта, қызығушылық қазақта едәуір арта түсті. Осыған орай шежіреге де артық көңіл қою тарихи білім-ғылым тұрғысында сол кезде де аса маңызды болды. Шежірелер – халықтың ауызша мәдени мұрасының бөлінбес бөлшегі, ұлттық өзі-өзін танудың өзегі. Оны әлеуметтік, тарихи, мәдени, генеалогиялық талдауға алса, нақты ғылыми материалдармен салыстыра зерделесе, қазақ жерінде орын алған мәдени-әлеуметтік, саяси-демографиялық және этногенездік үрдістерді түсінуде, оның заңдылықтарын танып білу үшін өте қажетті дерек көзі болып табылады. Абай Құнанбайұлы да шежірелік құнды мұраларды ескерген, хаттап жазған.

XX ғасыр басында қазақ ойшылдары қозғаған тақырыптың бірі – қазақ халқының өткен тарихы, шығу тегі, атақты тұлғалары туралы болғаны белгілі. Шәкәрімнің «Түркі, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегі соның бір айқын мысалы. Ал Құрбанғали Халиди қазақ халқының ұлттық игі қасиеттерінің бірі, мәдени ерекшелігіне берік болуын атап өтеді, ол: «бір қызығы, қазақтардың ішіне қандай да бір сырт тайпадан келген кірмелер, белгілі уақыттан кейін, яғни, отыз-қырық жылдың ішінде толығымен қазақыланып кетіп отырған. Бір-екі буын ауысқаннан кейін, қалам да, сәлем де, яғни, ауыз екі тілі мен жазуы да, салт-дәстүрі де ұмытылып, ешқандай ерекшелігі байқалмай қалады. Қазақтар тұзды сіңірген су сияқты оларды өз ішіне сіңіріп алады», – деп жазған (Халиди, 2017: 303). Абай Құнанбайұлы орыс тілін білуге, өзге ұлт өкілдерінің өнерін үйренуге шақырғанда орысша сөйлеп, қазақ тілін ұмытыңдар деген жоқ еді, өзге елдің өнерін үйреніп өз мәдениетіңнен алшақтап қал, ажырап қал деген еді.

Абайда және оның заманында жасаған қазақ қаламгерлер, Мәшһүр-Жүсіп, Шәкәрім, қазақтың түркі жұртына тарихи байланыстылығын баса назар аударып айтылады. Қазақ халқында қалыптасқан әлеуметтік сананың орнықты түрінің бірі – өз ата-бабаларының тарихын білу, оны ұлт тарихына жалғап, сабақтастық орнату. Сондықтан, шежіренің бір артықшылығы, ұлт тарихын туыстық көзқараспен қабылдау,

шежірелік сана аясында – қазақ халқы бір атадан тарайтын біртұтас қауым, өзара жақын ағайын болып келетін туыстық қауым деген сананы орнықтырады. Олардың туыстасып ағайын-бауыр, құда-жегжат, нағашылы-жиен өзара тығыз әлеуметтік қарым-қатынастарын бейнелейтін дәстүрлі үш жұрт ұғымымен тікелей байланысты. Бауырмал, туысшыл болу адамгершілікті жылы сезімі – қазақ халқының асыл қасиетінің бірі. Осы тұрғыдан қарағанда, алдымен Абайдың жеке тарихи көзқарасына тоқталып, одан кейін Абайдың тарихи сөздеріне талдау жасайық.

«Абай жолы» роман-эпопеясының жазылуы, өрнекті, көрнекті сипатымен тартымды болуы да, романның көптеген сюжеттері халықтың шежіре сөздері арқылы жеткен бейнелі көріністерінен құралуынан еді. Қазақ халқының әдеби сөз бастауларының бір тамыры осы шежірелерде жатыр. Әдебиетші де әдебиет пен мәдениет, қоғам мен ұлт, халық мұрасы көркем ой, өнердің дамуы жайында ізденіс жасайтын болғандықтан, ұлттық әдебиет тарихын айтады, сол мағынада ұлт тарихына да ден қояды.

Тарихи көзқарастары мәселесін айтқанда, Абайдың қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өмірі мен күнделікті дәстүрлі тұрмыс жайы, мәдени, рухани, діни идеология мәселелеріне орай пікірлері туралы айтуға болады. Абайды, қазақ өлшемімен алғанда, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты тұлға ретінде бағалап, оның рухани мұрасын бүгінгі өмір сұранысына да жарату аса қажет. Рухани жаңғыру қоғамдық сананы жаңарту бағдарламасының темірқазығы ретінде ұлттық код құндылығы болса, оның бастаулары, жалғастығы мен сабақтастығы да Абайдың ой мұраларында сақтаулы тұр. Бұл мұра қазақтың дәстүрлі әлеуметі мен мәдениетін зерттеу, ұлт болмысын ашу мәселесінде өте керекті. Кез келген қоғам оның құраушы жеке элементі болып табылатын нақты адам жайында, оның еркін болмысы, мінез-құлқы, азат ой-санасы, арман-мұраты, қайраткерлігі, кемеңгерлігі, адамгершілік пен кісілік қасиеттері, қайырымдылығы мен шарапаттылығы туралы айтылатын тәрбиелік мәні бар тарихи деректерімен құнды болуы тиіс.

Тарихшы мамандарға ұлт тарихын сөйлетуге тиым салып, қазақ халқы тарихынан гөрі партия тарихын, қанаушылар мен

каналушылар сияқты баянсыз таптық көзқарас тарихын жазуға ғана рұқсат етілген уақытта, қазақ жазушылары мен әдебиеттанушылары қасиетті дала тарихын көркемсөз тәсілдерімен бейнелеп суреттеуге, қазақ халқының болмысын ашатын ұлттық мінез-құлқы мен салт-дәстүрін дәріптеуге көп көңіл бөлді. Сондықтан, қазақ жазушылары мен әдебиеттанушылардың еңбектерінде де тарих жайындағы жасалған ізденістер көп болды. Бірақ ол еңбектердің көпшілігі кеңестік кезеңіндегі идеологиялық қыспағымен жасалып, тәрбиесі, ұстанымы немесе соның теріс ықпалымен шыққан зерттеушілер тарапынан жазылғандықтан, айтылған тұжырымдардың барлығы дұрыс екен деп сеніп, соңынан еріп кете беруге болмайды.

Абай Құнанбайұлы 1868 жылы патшалық Ресей қабылдаған «Жаңа Низам» («Временное Положение») заңы бойынша қазақ қоғамының өзгеріске түсуі бір жағынан әлеуметті басқару саясатының, енді бір жағы өзгеріске қарама-қарсы тұратын дәстүрлі тұрмыс пен тұрақталған қоғамдық сана, және қазақ халқының ұлт ретінде өзінің саяси дербестігін сақтап қалуға ұмтылушылығы, азат ел болу ойы мен өзгеріске өзгенің күшімен емес, өзінің табиғи дамуы барысында бірте-бірте өзгеруі талабы мен мұраттары астасып жатты. Қазақ қоғамының әлемдік тарихи процестерден тыс жатуы мүмкін емес еді. Ұлы Дала мыңжылдықтар бойы әлемдік тарихи процесстердің ұйытқысы болды. Далалық алқаптағы мәдени және этникалық процесстер сыртқа да шығып, Шығыс Азия елдеріне де, Еуропаға да әсер етіп отырғаны тарихтан белгілі. Бірі сауда ісімен болған әсер болса, енді бірі жаулаушы ретінде, жаппай қоныс аударушы миграциялық күш ретінде де болды.

Заман өзгермелі, алма-кезек екені белгілі, далалықтардың көп ғасыр бойы үстем болуының басты себебінің бірі – жылқы малын көптеп өсіру, оны ат қылып жаратып, атты әскер күшіне айналдыруы болды. Екінші жағынан, соғыс жүргізу тәсілдерін игерудегі ең озық үлгілерін жасауда болды. Енді, қалай болғанда да заман өзгеріске түсетін болды, өйткені бұл әлемде болып жатқан үлкен тарихи өзгеріс – капиталистік жүйенің қалыптасу кезеңі, жаңашылдықпен дамып жатқан елдер арасындағы тартыстың күшейетін мезгілі. Бұл өзгеріске әлем халқы әртүрлі өзіне тән саяси-

идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, діни және рухани даму деңгейімен келді.

Абай қандай тарихи көзқарасты ұстанды деген сауалды қою да өте маңызды. Тезисті түрде Абайдың тарихи ой-тұжырымдары туралы жан-жақты болғанын айтуға болады. Абай тарихшы болмаса да, әлеуметтік-тарихи көзқарастары іргелі болған. Абай арнайы тарихи білім алмаса да, оқыған кітаптарының қатарында тарихи еңбектер көп. Абай медреседе білім алған тұлға болғандықтан, сол замандағы медреселік оқу, білімнің усули қадим және усули жәдид сияқты екі түрлі ұстаным, екі түрлі оқыту тәсілінің болғанын білеміз. Әсіресе исламдық діни дәстүр аясындағы тарихи және әдеби білімге қанық болған. Қазақ даласында кең тараған, халықтық тарихи санамен жақын таныс болған. Ал халықтың тарихи танымын қалыптастырып отырған тарихи фольклор үлгілері болғаны белгілі.

Қазақ халқының тарихи мазмұндағы сөз үлгілері, халықтың бұрын болған қалпы, оның дами келе өзгеріп отыру жолдары жайында болған. Қазақ тарихшысы, абайтанушы Ә.М. Жиреншин: ескі сөздер «ел аузына тарап, қағазға түспесе де халық ортасында атадан балаға мирас болып келеді, атақты халық бұлбұлдары Шөже мен Кемпірбайдың, Марабайдың, Жанақтың өлең-жырлары да, ел аузындағы шешен билердің тақпақ, мәтелдері, ел туралы, жер туралы толғаулары халық өмірінің ащы шындығынан туған түрлі аңыздардың көбі дерлік сақталып, кейінгі үрім-бұтаққа желісін үзбей жеткен. Халық өз ішінен шыққан ақын-әнші, ділмар-шешендерінің үлгі-өнеге берерлік сөздерін алтындай сақтады. Баланың тойы шілдеханадан бастап өлгенде айтылатын жоқтауға дейін жыр мен ән қазақтың өмір серігі болып келгенін көреміз. Сондықтан да өлең, жыр, қызықты әңгіме, тақпақ, мәтел, көркем күй қазақ халқының рухани байлығы еді», – деп жазды (Жиреншин, 1961: 14-15).

Тарихи сөз үлгілеріне қазақтағы ертегілерді де, аңыз-әпсаналарды да, жыр-қиссаларды да, оның ішінде тарихи, батырлық жырлар мен тарихи шежірелер де, би-шешендер сөзі, тіпті кәдімгі ескілікті аңыз, ән-күйлер де жатады. Бала кезінен Абай осының барлығын тоқыған. Қарт тарихты баяндайтын абыздарды да көрген. Батырлық жыр-дастандарды жырлаған жыршыларды да тыңдаған. Тарихи дастандар

мен діни қиссаларды жатқа баяндаған қариялардың әңгімелерін жиі естігені анық. Сондықтан, Абайдың тарихи көзқарастарында осындай дәстүрлі негіз бар.

Бұл туралы атақты зерттеуші-ғалым: «Абайдың шығармашылық сезімі ерте оянды. Ауылда жүргенде бала кезінен-ақ толып жатқан халықтың әнші, ақыны, жыршыларынан да, халық өлеңдері, ертегі, әңгіме, қисса, поэмаларын көп естіген. Ұғымтал бала естігенін екі айтқызбай түсініп, оны көкірегіне тоқып алатын. Абайдың мұндай шығармашылық ұясының жемісті болуына себеп әкесі Құнанбай аулы ол кезде бір дуанның орталығы болды. Мұнда ақын, жыршылар, күйшілер көп келетін. Осындай келгендердің ішінде: Біржан сал, Әсет, Байкөкше, Кемпірбай, Қуандық сияқтылар бар еді. Сол кезде мысқыл, мәтел, әзіл – асыл сөздің атасы деген атаққа ие болған өз нағашысы Қантай мен Тонтайдың да, кейде шек қатыратын күлдіргі, кейде өңменіңнен өтетін удай ащы сөздерін де естіген болатын. Қантай мен Тонтай расында да айыр көмей, темір жақ шешен атанған, қиыннан қиыстырып тауып айтатын ділмәр болыпты», – деп жазды (Жиреншин, 1961: 15).

Абай Құнанбайұлы орыс жазушы-аудармашылары арқылы еуропалық либералдық тарихи ойымен де жақын танысқандығымен, оның жеке тарихи танымының бір қыры – ағылшын философтары, ал екінші қыры – орыс шығыстанушы этнографтары, ағартушы ақын-жазушылары, отаршыл орыс әкімшілігінің шенеуніктерімен байланысы барысында да қалыптасқан адами ойлау пайымдары құрайтыны анық. Өйткені, Семей қаласында болғанда Абай кітапханада кітап оқыған, қызмет жасап жатқан орыс чиновниктерімен де сөйлескен, жер аударылып келген Е.П. Михаэлис (1839-1913), С.С. Гросс (1852-1896), Н. Долгополов, А.А. Леонтьев және т.б. тұлғалар болды.

Сібірді игеруді көздеген Ресей империясы көптеген зерттеуші ғалымдарды өзінің керегіне жаратты. Олардың ішінде XVII-XVIII ғғ. және XIX ғ. авторлары бар. Алғашқы болып Сібірге ғылыми экспедиция бастап барған немесе әскери-әкімшілік қызметтегі өкілдері де болған. Мысалы, Ф.И. Страленберг (1676-1747), Д.Г. Мессершмидт. (1685-1735), Т.З. Байер (1694-1738), И.Э. Фишер (1697-1771), Г.Ф. Миллер (1705-1783), И.Г. Андреев (1744-1824),

П.И. Кафаров (1817-1878), Г.Н. Потанин (1835-1920), Катанов, Коншин, т.б. сол кездің өзінде біршама еңбектер жазған. Қазақтың солтүстік-шығыс жерлеріндегі мәдени ықпалдардың бір бастауы осы еді. Бұлардың зерттеулері туралы Абай оқымаса да, білген болуы тиіс.

Сібірді зерттеп жүрген экспедиция Тобольск қаласында тұтқындағы швед офицерлерінің қолынан Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» қолжазбасын сатып алады. Түрік шежірелерін зерттеудегі алғашқы қадам Әбілғазының «Түрік шежіресін» неміс тіліне аударудан басталды. Алғашқылардың бірі болып бұл аударманы жасаған ғалым, Ресейдегі тарих ғылымының негізін салушы Т.З. Байер (1694-1738), XVIII ғасырдың бірінші жартысында «Әбілғазының «Түрік шежіресі» (Түркілердің ата-тегі) кітабының үлгісі». Т. Байердің латынша аудармасы» атты еңбек дайындалды. «Түрік шежіресінің» тағы бір аудармасын даярлаған белгілі түрік тілінің білгірі Г.Я. Кер, неміс тіліндегі нұсқасын өңдеген ғалым И. Фишер. Ал Х.М. Френ түрік қолжазбаларының сипаттамалары мен жүйесін жасаған белгілі тюрколог. Батыста және Ресейде шығыстану ғылымының түріктанушылық зерттеу ғылыми мектебі қалыптасты (Алпысбес, 2013).

Бір бағыты қазақты зерттеуді қамтығаны белгілі. Ресейдің XVII және XVIII ғасырларда Еуропаға тән мемлекеттік қызмет жүйесінің сапалы биік деңгейге көтерілуі бірінші Петр заманында тұтқынға түскен шведтердің, Ғылым Академиясының құрылуына үлкен қызмет жасаған тегі неміс ғалымдарының, ал Ресейдің патшайымы болған II Екатерина заманында Еуропадан көптеп келіп, даму жағынан артта қалған бұрын Мәскеу княздігі аталған орыс мемлекетін Ресей империясына айналдырған білікті маман иелері – кеме құрылысшылары, қала мен қамал салушылары, тігіншілері, зеңбірек құюшылары, инженерлері, от қару жасаушылары, сәулетшілері, тіпті пеш салуды үйретушілеріне дейін және тағы басқа толып жатқан бұратана халық өкілдерінің еңбегімен, табысымен болған жағдай.

Абай мен Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген заманда Ертіс бойындағы Семей, Кереку қалаларында XIX ғасырда салынған ағаш жер үйлердің пеші де еуропалықтардан үйренгендіктен, «голландтық пеш» деп аталды. Өйткені бұрын Ресейде үйлеріндегі пештерге мұржа салуды білмеген, ал жағылған отынның

түтіні есіктен шығып, үйдің ішін түтін басып, ыс иісі алып кететін болған. Жаңа үлгідегі «голландтық пештің» мұржасы бар, төрт бөлменің ортасына тұрғызылып, төрт бөлмеге жылуды тең беріп тұратын болған. 1861 жылға дейін Ресейдің өзі помещиктік-крепостнойлық құрылысқалпында, басыбайлықұлиеленушілік қоғам жағдайында тұрды. Ресейде отарлаушы әкімшілік-басқару, әскери жүйенің барлығын ұйымдастырып, дамытқан әбден орыстанып кеткен татар, швед, неміс, француз қызметімен тұрған мемлекет еді. Әкімшілік-басқарушылық ұйымдасуы мен тұрақты әскер, қару-жарақ жағынан алда болды демесе, тұрмыс жағынан озып кеткені жоқ.

Еуропаша білімді игеруге Абайға да, Шәкәрімге де мүмкіндік берген Семей қоғамдық кітапханасы болды. Ағасы Халиолланың (1846-1876) орыс жазушылары кітаптарын да жинап алып Абай оқығаны белгілі. Халиолла туралы академик Ә.Х. Марғұлан: «Ол өзінің қандастарына қазақтан басқа да әлем бар, білім мен ғылымның, рухани есеюге талпыныстың әлемі бар екендігіне үйреткен адам», – деп жазған (Марғұлан, 2015). 1883 жылдың 3 қазанында (ескіше 20 қыркүйек күні) Семейдің қоғамдық кітапхана іргесі қалануы Семей қаласының Абай атындағы әмбебап ғылыми кітапхананың бастауы болды. Бұл кітапхана саяси жер аударылғандар – Е. Михаэлис, С. Гросс, А. Леонтьев, М. Суворцев, Г. Колмагоров, И. Земляницын, П. Лобановский, В. Филиппов, тағы басқа зиялы тұлғалардың: оқымыстылар, суретшілердің ұйымдастыруымен ашылып, алдымен И. Земляницын үйінің бір бөлмесінде орналасып, Семей облыстық Статистика комитетінің қамқорлығымен қызметін бастаған көпшілік кітапхана жеке ғимараты болмағандықтан, Е.П. Михаэлистің өтінуімен И. Земляницынның ата-анасынан мұраға қалған үйді жалға алып отырды. Кітапхана мен музейді басқару құрамында Комитет мүшелері М. Суворцев, В. Филиппов және қалалық училище мұғалімдері мен Санақ комитетінің секретарі Е.П. Михаэлис енген арнайы комиссия құрылды.

Жаңадан ашылған қоғамдық кітапхана туралы саяси жер аударылған А. Блэк: «Облыстық статистика комитетінде оның қалану кезінен бастап біршама кітап жинақталды. Кітаптардың ішінде ғылыми-көпшілік, арнайы әдебиет жиналды: география, этнография,

археология, статистика, жаратылыстану ғылымдары (барлығы 175 атау, 260 том кітап болған), сондай-ақ ай сайын шығып тұратын 200 журналдар мен әртүрлі ғылыми қоғамдар мен комиссиялардың есеп беру материалдары мен хаттамалары болды. Одан кейін статистикалық комитет кітап қоймасын баршаға ашық кітапханаға айналдыруды қолға алды. Сөйтіп қоғамдық кітапхана ашылды», – деп жазған. Кітапхана құрылған жылы Л.Н. Толстой, С.М. Соловьев, А.Н. Плещеев, В.Ф. Одоевский, Н.П. Огарев шығармалары С-Петербургтен алдырылған. Оқырмандар кітапханаға ақы төлеп тұрды (semeypub.kz).

Абай алдымен медреседе оқып жүргенінде шығыс әдебиетін көп оқып, араб, парсы, түркі ортасынан шыққан дін ғұламаларының кітаптарымен танысқан. Семей қоғамдық кітапханасына келгенінде саяси себеппен сол кезде жер аударылғандармен араласу, пікір алысу, ойласу барысында жаңа көзқарасқа келіп, орыс ақын-жазушылары мен еуропалық ойшылдарының еңбектерін оқып үйренеді. Сол әдебиеттерден философиялық, діни, әдеби, тарихи мағыналы ой түйіп, пайдалы білім жинап, өзінің жеке қоғамдық-әлеуметтік көзқарастарын қалыптастырды. Абайдың тарихқа көзқарастары осы екі қайнардан бастау алады және күнделікті қазақтың тұрмыс-тіршілігін, мал шаруашылығын, салт-дәстүрі мен әдеті, халық ғұрыптары мен мінез-құлқын бақылауларын тұжырымдап жазған, кейбірін өлеңмен жеткізген. Осы жерде Абай мұрасында адам болмысы және әлеумет тарихы, қазақ халқы және оның басқа халықтармен өзара қарым-қатынасы, дін және мәдениет жайындағы пікірлері туралы айтуға болады.

Бірінші қара сөзінде Абай елге бағым жоқ, мал баға алмаймын, ғылым бағар едім, сөйлесерге адам жоқ, сопылық қылып дін бағу үшін көңілде тыныштық керек, осы елде, осы жерде не қылған сопылық деп, ақыры ой бағуға тоқталады, оны қағаз бен сия көтереді, керек қылған сөзін оқыған адам алсын деді. Шәкәрім қажы «Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде: «Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның



сәулесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хақим философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті», – деп жазады (Құдайбердіұлы, 2004).

Кез келген тұлғаның тарихи көзқарастары оның жеке өмір тәжірибесі мен өмірбаянына тікелей қатысты екені белгілі. Абай да солай. Қазақтың классик жазушысы, академик Мұхтар Әуезов «Абайдың өмірбаяны» еңбегін бірнеше нұсқада дайындады, Абай Құнанбайұлы ғылыми монографиясын зерттеп жазды (Әуезов, 1956–1957). Абай әулетінің шежіресін сөйлететін кітаптардың ішінде алдымен осы еңбек ерекше орын алады. Екіншіден, жазушы С. Мұқановтың «Абай Құнанбайұлы» монографиясы (Мұқанов, 1980). Бұл еңбекте «Абайдың ата-тегі» деген екінші тарау да бар. Бұл очеркте Сәбит Мұқанов Мәшһүр-Жүсіп, Шәкәрім шежірелері дерегіне сүйене отырып, Абайдың ата-бабалары туралы, олардың әулеттік тарихы туралы баяндайды. Арғыда Арғын атадан бастап, беріде Құнанбай қажыға дейін барлық мәліметтерге тоқталып жазады. «Ақынның өмірі» атты Ә.М. Жиреншиннің тарихи зерттеу еңбегінде толықтырылып айтылады (Жиреншин, 1961).

Ахмет Байтұрсынұлы: «Өмірбаянөзасығын белгілі адам турасындағы сипат қағаздардан, білетін адамдардың ауызша айтуынан алады. Жазушы өзінің білетінін жазады. Өмірдерек ығи сипатты мағлұматтардан құралған сөз болғандықтан, нағыз рас әңгіме болып шығады. Мысалы: Абылай, Абай, Ақан серінің өмірбаяндары. Өмірбаянын адамның өзі жазса, өз өмірбаяны деп аталады. Жай өмірбаяннан өз өмірбаянының айрылатын жері – адам өз ісіне өзі қазы, өзі сыншы бола алмайтындығынан, жай өмірбаяннан өз өмірбаянының инабаты кемірек болады», деп көрсетеді (Байтұрсынұлы, 1991). Мәшһүр Жүсіп жазбаларында тарихта болған жүздеген адамның есімі айтылады. Олар жаужүрек батырлар, дана билер, хандар, көрген-білгені көп ақсақалдар. Сондықтан да мұнда қазақ халқының тарихы әйгілі адамдардың өмір тарихы, атқарған игілікті істерін баяндауымен байланысты.

Мекемтас Мырзахметов «Абайтану тарихының үш кезеңін бастан өткізіппіз» дейді: 1889-1934 жж. – Алаш арыстары Абайды танытудағы халықтық таным тұрғысынан мақала зерттеулері, 1934-1961 жж. – қанаты

кең жайылған «Абайтану тарихының Мұхтар Әуезов кезеңі», және 1961 жылдан бергі мезгілде Абайдың Шығыс ғұламалары және Зар заман қазақ руханияты мәселелеріне орай зерттеулер тереңдей түсті (abaialem.kz), Абайдың Абу-Насыр әл-Фараби (870-950), Жүсіп Баласағұни (1015-1070), Қожа Ахмет Яссауи (1103-1166), Ғұламаһи Дауани (1427-1502) және тағы басқа да Шығыстың ойшылдарының, ірі ғұламалардың еңбектерімен сабақтастығы айтылды. Қазақ ғылымында фарабитану ілімінің негізін салушы ғалым Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегін жазды (Машанов, 1994).

Әл-Фараби мұраларының қазақ ортасында танымал болуы туралы ізденіс жасау жолында Абай мен әл-Фарабиді жалғастырған, Шаһабуддин Маржани (1818-1889) екенін Ақжан Жақсыбекұлы осы зерттеу еңбегінде айтады. Ш. Маржани Бұқара (1838) Самарқандта (1843) білім алған. Оның ұстазы – шайхы Баһауеддин Нақшбанди, білім үйреткен ұстаздарының бірі Әбу-Сайыд Самарқанди болған. Самарқандтан кейін 1845-48 жж. үш жыл бойы Бұқарадағы Мир-Араб медресесінде болған Ш. Маржани еліне оралады. Қазанға келіп мешіт, медреселер салдырады, осында оқыған ғалымның тікелей шәкірттері Семей мен Қарқаралыда бала оқытқан. Сондықтан Абай Ш. Маржани және оның еңбектері туралы қанық болған деген қорытындыға келген. Абайдың «толық адам» туралы танымының тамыры әл-Фарабидің «Қайырлы қала тұрғындары» еңбегіндегі әділ патша, жасампаз тұлға, берекетті ел туралы осы ілімінен жалғасқанын айтқан (Әбу Насыр әл-Фараби, 2009).

1870 жылы Ш. Маржанидің «Назрат-үл-Хак» еңбегі жарыққа шыққан. Бұдан басқа «Хаккуль-ма'рифа ва хуснуль-идрак» («Таным ақиқаты», 1880), «Мустафадуль-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар» («Қазан мен Булғар туралы ақпараттар», 1885), «Китабуль-хикма аль-балига аль-джанийя фи шархиль-акаид аль-ханафийя» («Ханафи даналарының еңбектерін түсінуге құрал кітап», 1888) сияқты еңбектерін жариялаған. Осы еңбектерінде Ш. Маржани Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Фараби туралы, оның ғылым, философия, музыка саласындағы қағидаларын айтып тоқталатын бірнеше жері бар. Әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланыс турасында ойласқан Ақжан әл-Машани Абай заманында

қазақ жерінде исламның ғақли-ислам және нақли ислам сияқты екі түрлі ағымы болғанын байқаған.

Сол ғақли-ислам Әл-Фарабиден Ұлықбекке, Ұлықбектен – Маржаниге, Маржаниден Абайға жалғасқанын аңғарған. Осы «ғақли», «нақли» түсініктерін Абайдан алғаш рет кездестірген Ақжан әл-Машани, Абай әл-Фараби ілімін білген деп тұжырым жасаған (Алпысбес, 2019). Абай шығармалары мен рухани құнды мұраларын зерттеу мәселесі абайтану мәселесіне ғана қатысты емес, қазақтану өзекті ғылыми ізденістеріне де тікелей қатысы бар. Абайды тану зерттеуші түгілі өзін-өзі қазақпын деп есептейтін әрбір азаматтың жеке міндеті. Қазақтану мәселесі, яғни қазақ халқының мәдениетін, тарихын, тілін, болмысын, ұлттық дүниетанымы мен дүниеге көзқарасын зерттеу мәселесі ұлттың кемеңгер тұлғаларын танып білумен, олардың ғибратты өмірінен үлгі алумен жүзеге асады. Қазақтың тарихи тұлғатану ілімінің бастауларының өзі төл тума қазақ шежірелерінде жатыр. Қазақ шежіресін жинаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы хандардың, би-шешендердің, ақсақалдардың, батырлардың, жыраулардың, ру басыларының, абыз, қариялардың, ақын, әнші, күйші, өнер иелерінің тұлғалық өмірі мен өнегелі әрекеттері, үлгілі сөздері мен даналықтарын хаттаған.

Алаш қайраткерлерінің, қазақтың атақты тарихи тұлғаларының, біртуар ойшылдарының рухани мұраларын талдауға алып, ел болудағы асыл мұраттарға апаратын төте жолды табу қажет. Мысалы, Абайдың көзқарасы тұрғысынан қазақ халқының ұлттық мінез, амал-әрекеттері мен менталитеті, ұлттық идеология, ұмтылысы мен арман-мұраты, асыл идеялары және бұл көзқарастардың қазақ оқығандарының пікірлерімен ұштасуы, не болмаса толығыу сияқты аспектілерге де ізденіс жасау ғылыми жағынан маңызды. Абай Құнанбайұлы ғұлама ғалым ретінде күрделі әрі өзекті әлеуметтік-саяси, тарихи ойдың иесі болды. Профессор Мәмбет Қойгелдиев: «Абай қол бастаған батыр немесе қоғамдық қозғалыстың басында тұрған саясаткер де емес. Ол – ойшыл, ақын, шығармашылық иесі. Олай болса, Абай тұлғасы мен шығармашылығы белгілі бір тарихи кезеңге байланысты қаралып, ерекше жалпыұлттық құбылыс ретінде бүгінгі заманға қатысты өзектілігі айқындалуы тиіс»

деген болатын (Қойгелдиев, 2016). Ойшылдың шығармашылығында тарихи мазмұн, тарихи сөз, хикмет ой болатыны да анық. Абайдың әлеуметтік-тарихи көзқарастары тәрбиемен, әлеумет ықпалымен де, білім алу және кітаптарды оқу барысында да, өмірлік тәжірибемен қалыптаса келе, толыққанды тұлғалық танымға, парасатты ой-пайымға айналды.

«Абай» журналының 1918 жылы бірінші-екінші сандарында басылған мақаласында шежіре туралы талдау жасаған Маннан Тұрғанбай, шежіре дегеніміз бұдан былай кісінің аттарын тізіп жазған кітапты шежіре демей, лайықты мағынада жазылған кітапты шежіре деп ұғынуымыз тиіс. «Шежіре деп бұрынғы кісілердің хал-жайын, тіршілік-тұрмысын айтып, тіршілігін сөйлеген ғылымды айтады», – деген (Тұрғанбай, 1918). Тарихи жады қызметі арқылы кез келген әлеумет өткен тарихтың тәжірибесін қордаландырып, тарихтағы орын алған оқиғалардан тұжырымдарын жасайды, ойға сақталған факт: жеке тұлғалар мен тұтас қауымдар, ел-жұрттың өміріндегі тарихи құбылыстар мен оқиғалар туралы естеліктер арқылы тарих тәлім мен тарих ғибрат, үлгі-өнеге алады, осыдан тарихи дамудың заңдылықтары көрініс беріп, хикмет пен даналық қайнар көзіне айналады. Шежіре көбінесе объективті әлеуметтік шындық ортасында айтылған тарихи әңгімелерден құралған, көшпелі тұрмысты сипаттауда оның шаруашылық, ихсаттық жай-күйін баяндайтын дерек ретіндегі тарихи шындықты жеткізушілік маңызы мол. Шежіре деректеріндегі айқын айтылған мағлұматтарды талдаудан гөрі жанама, баяндауды мақсат етпеген сыртқа көрінбейтін ішкі мазмұнындағы латентті ақпараттарды айналымға алу ғылыми объективтілік тұрғысынан тиімді.

Бұл ұстанымды негізге алсақ, Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» нағыз шежіренің өзі. Өйткені қазақ халқының ата-бабаларының бұрынғы, тарихи тұрмыс-тіршілігі мен хал-жайынан хабар беретін деректің түрі. Абайдың: «сондағы билеген хандары, билері бұларды ешбір түзу қарекетке түсіндірмей, әрдайым барымтамен мал құмақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырыспақпен күн кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген. Бүгін біреуді өзі талап,

қырып келсе, ертең өзін біреу талап, қырып кете берген. «Ерше барып, итше қашып» жүріп, малын, басын жаудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек», – дегені (Абай шығармаларының..., 1961) дала өмірінің әлеуметтік өмірінің келеңсіз жақтарын, яғни бұзақысын тия алмай, заңын ретке келтіре алмай, жұртты тәртіпке бағындыра алмай жүрген кезін әңгімелейді.

Абайдың бұл сөзінде сипатталған жөн-жосықсыз қоғам қалай да болса дағдарысқа ұшырайтыны анық, ал, жоғарыдағы әл-Фарабидің «Қайырлы қала тұрғындары» еңбегінде қала деп отырғанын мемлекет, қоғам деп түсінген дұрыс. Абу-Насыр әл-Фараби «егер қаланың әр тұрғыны соған жазылған заңға сай қимыл әрекет жасайтын болса, осыны өзі түсініп істеп отыр ма немесе басшы осыған себепкер болды ма, бағыт берді ме, бұған қарамастан, оның осындай әрекеттері оған тамаша рухани азық болады», – дейді (Әбу Насыр әл-Фараби, 2009). Абайдың отыз жетінші сөзінде «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген сөзі осы оймен үйлеседі.

Абай заманында заң да жоқ заман болды, «ел қамын ойлап, ел бірлігін көздеген ел иесі болмады. Керісінше жеке рулар, аталар бірімен бірі жауласқан болды. Олар жерге, қонысқа, мал өрісіне, жайлауға, суға таласты. Өлді бай, жуан ауыл, күшті рулар кедейлерді, әлсіз ауыл нашар руларды ықсырып жаз қонысын, қыс қыстауларын тартып алып жатты. Осының салдарынан жер дауы, жесір дауы, барымта, құн сияқты ру қоғамына тән қайшылықтар, елді жегідей жеп жатты. Бұл жайлар елдің рухани күшін әлсіретіп, әлеуметтік сана-сезімінің оянуына зор бөгет болып отырса, халықтың да ілгері басуына тұсау болды» (Жиреншин, 1961: 13). Әділдік пен тәртіпті орыс ұлығы ғана орната алады деген түсінікті отаршыл әкімшілік қалыптастыруға тырысты. Мақсаты бар болғаны қазақ ортасына от салып қойып, арыз жазғызып астыртын бірі-біріне айдап салып, ортасында әділ төреші кейпінде болып көріну зұлымдығы ғана еді. Шәкәрімнің орысқа ар ілімі кірмейінше қазаққа оңалу жоқ дейтіні де сол.

Абайтану бағытында кейбір қайшылықты көзқарастар болатын болса, соның бірі Абайдың орысша білім алуына байланысты.

Мысалы, Сәкен Сейфуллин «Құнанбай өзге жұрт баласын орыстан қашырып тығып жүргенде, өз баласын орыс мектебіне орысша оқытқан», – деп жазған болса (Сейфуллин, 2015: 174), зерттеуші Мұсатай Ақынжанов «Құнанбай патшаның жақтасы бола отырып, баласын орыс мектебіне жібермеді, Абай орыс мектебінен астыртын сабақ алып жүр дегенді естіп, медресені толық бітіртпестен Абайды қаладан ауылына қайтарып алған. Ел билеу жұмысына, жаңадан ұйымдасқалы жатқан көрші округіне сұлтан жасауға асыққан» деп жазады (Ақынжанов, 2015: 13-14). XIX-XX ғасырлардағы қазақ қоғамының тарихы арпалысу жақтардың, екі түрлі әлеуметтік ағымдардың таласымен ерекшеленеді. Абай өзінің балаларын орыс оқуына бергені анық, бірақ Құнанбай балаларын орысша білім алып, оқығанын қолдамады деген шындыққа келмейді.

Кәкітайдың «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты естелігінде, Құнанбай туралы: «Өзге жұрт орыстан баласын жасырып жүргенде, балаларына орысша оқу оқытып, Халиолла деген баласын Омский кадетский корпусан оқытып, онан соң Мәскеудегі Павловская кавалерийская шкодан оқытып, сабақты жақсы бітіріп, корнет болып қызметте жүргенде ауырып, дүниеден қайтып еді» деп жазғаны белгілі (Ысқақұлы, 1909: 21). Құнанбай қажы баласы Халелді Ресей оқу орындарында оқытуы орыс болсын деп емес, білімі қазақ халқының керегіне жарасын, қазақ қоғамының дамуына үлесін қоссын, озық ойлы бастама, жасампаздық мінез болатын болса, сол пайдалы жағын, өнер мен білімді қазаққа үйретсін деген ниетте болғандығынан.

Семейде орналасқан шіркеу-приход мектебінде небәрі үш ай орысша оқыған Абайды әкесі Құнанбай ауылға алып кеткен болса, орысша білмесін деген ойдан емес, мектептің шіркеу жанынан болған соң, баласы орыстанып, шоқынып кетуден сақтандыру үшін немесе табалаушы табылып Құнанбай баласы шіркеу мектебінде оқып жатыр екен деген жаман атаққа қалмау үшін. Бірақ орыс ұлықтарымен қалайда болса кездесіп, әкімшілік қызмет жасауға сол кезде орыс тілі керек болғаны анық. Абай да приход мектебіне орысша хат танып, сауат ашу үшін барды. Оның үстіне дін уағызында, Құранның аяттарында айтылатын, хадистерде келтірілетін

«қай қауымға жуық жүрсең, сол қауымнан қыламыз» деген бір өмір ақиқаты бар. Өзге елдің мәдениеті мен тілін білу бір басқа, оның ықпалына түсіп кетіп, өз халқының тілінен, мәдениетінен ажырап, ұлттық болмысынан айырылып қалу қаупі және бар.

Сәбит Мұқанов: «Абайдың ауылына ең жақын қала – Семей 200 шақырымдай, Аягөз де, Қарқаралы да сол шамада. Абай он жасына шейін орыс тілін білмейтін ауылда тұрды. Оннан он төртке дейін Семейде мұсылманша оқыды. Орысша сабақты ол Семейден еліне қайтар жылы ғана оқыған төрт ай оқу деген немене ол?! Төрт айда басқа тілден кісі не біліп жарытпақ?! Он төрт жасында Семейден ауылына келген Абай 1872 жылы жиырма жеті жасында тергеуге шақырылғанда болмаса, Семейге аз араласқан, он үш жыл өмірін өзінің ауылында өткізген және ол кезде орыс кітаптарын оқымаған. Сондықтан орыстың әрпі ғана болмаса, төрт ай оқығанда үйренген аз ғана тілінің денін ол ұмытып қалуға тиісті. Сөйтіп жүріп, 1873 жылдан кейін өз бетімен орыс кітаптарын оқып кетуі және ғылымдық, философиялық, көркемдік қасиеттеріне еркін түсініп оқуы ғажап. Барлық елдердің әдебиет тарихын тұтас алғанда, бұл – өте сирек кездесетін көрініс, табиғатында аса данышпан боп туған адамның ғана қолынан келетін іс» – деп жазады (Мұқанов, 1980: 39).

Абайдың орыс достары деген ұғым жиі қолданылып, қанқұйлы кеңес идеология ықпалымен абайтануда әбден орныққанымен, шын мәнінде оның достары сүйіп оқитын орыс жазушылары Л.Н. Толстой, М.Е. Салтыков-Щедрин болмаса, көбінесе поляк, украин, неміс сияқты әртүрлі бұратана ұлт өкілдері болған. Мысалы, С.С. Гросс Петербург университетінде заң ғылымын оқыған, ұлты поляк. 1883 жылы Семейге жер аударылып келген С.С. Гросс қазақ халқының дала заңы мен әдет-құқын зерттеп, Семей, Қарқаралы, Павлодар уездері бойынша сауалнама арқылы жинаған және оның барлығын П.Е. Маковецкийдің «Материалы для изучения юридического обычая киргизов. Материальное право» кітабында жариялатқан (Материалы для изучения, 1886). Ал Н.И. Долгополов Харьков университетінің медицина факультетін оқып жүрген жерінен 1880 жылы саяси айыпталып, бес жыл бойы Сібірдің қалаларында жер аударылып жүрген жерінен 1885 жылы Семейге келген, ұлты

украин азаматы. А.А. Леонтьевтің (1859-1923) «Обычное право киргиз. (Судоустройство и судопроизводство)» (Леонтьев, 1890: 114-139). Қазақ даласының әдет заңы және басқа да қазақ этнографиясына қатысты мәліметтерді Ресей әкімшілік орындары қазақ ортасынан жинатып отыратын болса, ондай деректердің әлдеқайда тиянақты және сапалысын, оқығаны бар, көзі ашық, игі-жақсылардың ортасынан жиналатыны белгілі. Сондықтан олардың өзі сол кезде ел тізігінің қолына ұстаған аға-сұлтан, ақсақал, болыстары еді. Осы деректердің біршамасы Абайдан алынғаны анық.

Профессор Ә.М. Жиреншин жазғандай, ойшыл Абай өмір сүрген қазақ қоғамында ескілікті тұрмыс салты әлі күшінде тұрған мезгіл еді: «әмеңгерлік жолымен жас балаларға саркідір әйелдерді, не кәрі шалдарға уылжыған жас келіншектерді қосты. Егерде өлген адамның өз туысынан еркек қалмаса жақын аталастарына қосып, «жесір ерден кетсе де елден кетпейді». Семей қаласындағы Абай оқыған Ахмет Риза медресесі деген заң қолданылады. Келін түскенде отқа май құю, әйелін «талақ» еткенде мойнына құрым киіз байлап масқаралау, жас келіннің қайнағалары алдында үнемі еңкейіп сәлем етуі сияқты ырым-жырымдар, не болмаса ру-руға бөлініп көшіп-қону, ру таңбасы, ұрандары, барымта алу, құн төлеу барлығы да ескі дүниенің сары сүйек әдет-ғұрыптары еді. Бұл салт-сана қазақ елінің дамуына көп бөгет болды» (Жиреншин, 1961: 13). Қазақ қоғамының осындай күрделі әлеуметтік мәселелерін Абай ресейлік саяси жер аударылған кәсіби заңгерлермен өзара пікірлесіп сөйлесу, ойға салып, талқылауға алғаны да көп болған. Мысалы, «Положение киргизской женщины по обычному семейному праву киргизов (по адату)» деген мақалалар жарыққа шыққан (Малышев, 1904).

Абай жасаған XIX ғасырдың екінші жартысы, қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық үлкен өзгеріске ұшырай бастаған кезеңі. Ол өзгерістердің барысы да, себептері де, ықпал етуші факторлары да белгілі. Ең алдымен, әлем өзгерісінің ықпалы болса, екіншіден бұған күш алған патшалы Ресей империясы, оның айналада жатқан елдер мен бұратана жұрттарды күшпен бағындыру, қатал да тегеуірінді басқыншы отаршылдық саясатының жоспарлы түрде жүзеге асыруымен, қазақтың дәстүрлі өміріне, шаруашылық пен



тұрмыс салтына орыс заңдарымен араласа бастауымен болғаны. Мағжан Жұмабаев «Ақан сері» зерттеуінде жазғанындай, «Адамның бір атаның баласы екені рас болса, белгілі бір заманның баласы екені де даусыз. Ақан – заманның баласы. Ол заман – өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар, қазақ даласын оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының келіп басқан заманы. Біреуі – Бұхардан ишандардың, қазіреттердің, молдалардың, халфелердің шаңырақтай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, «учительдердің» қақиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген орыс албастысы. Ол дәуір – осы екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп, шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі» (Жұмабаев, 1989: 176).

Отаршылдық саясаттың мақсаты тек қана экономикалық тұрғыдан орнығу ғана емес, сонымен қатар бұратана халықты толықтай игеріп алу, оның тілі мен дін мәселесін де назарға алып, сол арқылы өзіндік ұлттық болмысын өзгеріске ұшыратуды көздеу амалдары – Ресей империясының отаршылдық саясатының тамыры терең, түбегейлі, іргелі фундаменталистік негізде болғанын көрсетеді. Мұны дәлелдейтін айғақтар өте көп. Мысалы, сол кезде патшалық Ресейдің империялық саясаты қазақ жерін ғана емес, қазақ халқын халық ретінде жер бетінен жоюды көздеді. Халықтың өзін қырғынға ұшырату, бақылауға алып, тілін жою, дінін өзгерту, психологиясын үлкен өзгеріске келтіру, қазақты өз діні мен ата-салтынан айырып шоқындыру, ана тілінен айырып орыстандыру саясатын көздеді. Отаршыл патша өкіметі жоспарлаған зұлымдықтарын коммунистік өкімет социализм құру идеясының астына бүркемелеп, күшпен жүзеге асырды.

Абаймен хат жазысқан, жолығып амандасқан замандастарының игі-жақсыларының ішінде Алаш даналары – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Науан хазіреттер. Олар қазақ ахуалы, қазақ даласына дін уағыздаушылары, миссионерлері, переселен крестьяндардың келуі, қазаққа туындап отырған дін мәселесі, қазақ тілі, бала оқыту, жер мәселесі сияқты өзекті мәселелер жайын талқылап отырған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы 1896 жылы Жидебайда болып, Абаймен

кездескен (Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, 2013: 13). Сол кездегі қазақ қоғамына жабысқан әлеуметтік-саяси және идеологиялық-діни, Мағжан сөзімен айтқанда екі албасты жабысқан заман болса және үшіншісі де оның үстіне бар – ол кертартпа ескішіліктің сарқыншақтары еді.

Бұл туралы «Ақынның өмірі» зерттеуінде профессор Ә.М. Жиреншин жақсы келтірген. Құнанбайдың бейнесін айта келе, ол қазақ елінің ауылдарында рушылдық дерті, ескі әдет-ғұрып мықты сақталуы, патриархалдық ескі өмірдің кесірі ретінде сан алуан содырлық істер шиеленісіп жатқан қазақ қоғамының арасында XIX ғасырдың екінші жартысында патриархалдық қарым-қатынастар енді құлдырай бастағанымен, көшпелі қазақ ауылдарында әлі де сол ескі салт, әдет-ғұрып міз бақпай мелшіе қарап, бәйбіше-тоқал, әмеңгерлік, барымташылық, надандықпен өзара өрістеп жатты. Ауру қалса да әдет қалмайды деген тамырланып, әйел ерге бағынышты, ашса алақанында, жұмса жұдырығында болып, барлық жерлерде ерге шығатын қыз қалың малға сатылды, – деп жазған (Жиреншин, 1961: 12-13).

Абай Құнанбайұлы патшалы Ресей империясы орнықтырып жатқан жаңа әкімшілік-басқару жүйесінің, аға-сұлтан, заседатель, ояз, болыстар, старшын, крестьян начальниктерінің жасап отырған озбыр езгіге салу әрекеттері адамның жеке басын еркіндігінен айыратын, бүкіл кең әлеуметті тар жерлерге, қапасақа ұрындыратын, азатшыл жасампаз рухын темір торға түсіріп, құлға айналдыратын жаңа қоғамдық жүйенің қатерлерін сезініп, ол туралы терең ойланды, өйткені ол озық ойлы ағылшын ғұламаларының, даналарының еңбектерін оқып, танысты. Абай мұрасы алаштық зиялылар ортасымен, алаштық ұлт-азаттық қозғалысымен тікелей байланысты. Тарихи тұрғыда, Абайдың тұлғалық үлкен әсері болған. Бұл туралы М.О. Әуезовтің «Абай өмірбаянында», Ә.М. Жиреншиннің «Ақын өмірі», Ә.Х. Марғұланның «Абай қолжазбасы», С.М. Мұқановтың «Абай Құнанбаев» монографиясында, зерттеу еңбегінде, М. Қойгелдиевтің «Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны», С.Б. Байжановтың «Абайға қатысты кейбір архив деректері» атты мақалаларында тиянақты айтылған.

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күйзеліске түсіруді көздеуінің басты себебі, қазақ шаруашылығын дағдарысқа ұшырату міндеті отаршылдық саясатты жүзеге асырудың кепілі болуында. Мысалы, қазақ шаруашылығының ең үлкен қуаты жылқы шаруашылығы ерекше дамуы еді. Жылқы малы қазақ үшін сан ғасырлар бойы мінсе ет, жесе азық, сатса пұл болды. Жылқы – қазақтың сыртқы халықаралық саудаға шығаратын тауарының ең бастысы болған еді. Жылқы малының қазақ халқының ұлттық мінез-құлқымен біте қайнасқан асыл жаратылыс екені де белгілі. Жылқы мінезді қазақ сипаттық ұғымы біздің ұлтымыздың асыл қасиеттері мен кескін-келбетін бейнелейді – сұлулық, адалдық, тазалық, азатшылдық, еңбек сүйгіштік, еркіндік сүйгіштік немесе арамдыққа төзбеу, жамандыққа көнбеу сияқты мінезде болуға шақырады. Патшалы Ресейдің Орал шебі, Сібір шебі, Ертіс бойына он версталық шебін құруы, оның бойына Орал, Орынбор, Сібір казачество әскер сословиесіне сүйеніп қоршау жасауының барлығы, қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан емін-еркін көш жолдарын бөгеу, жылқы малының қыстату, жайлауға шығару, төлдету жүйесін бұзуды көздеді.

«Абай жолының» соңғы бөлімде келтірілген жылқы жұты туралы көріністе үлкен астарлы мағына бар. Сол арқылы М. Әуезов, жұтқа ұшырап, әлсіз халде орға құлап ит-құсқа жем болған табын-табын жылқылардың көрінісі – қазақ халқы отаршылдық езгісіне түскен сәтін әдеби тәсілдермен көркем түрде бейнелегендей. XX ғасырда біздің ұлт сол отаршылдық қасыреттің зардабын толығымен көрді. Ордағы жиналған қалың қар және оған батқан еркіндікті сүйетін жүйрік жылқының қимылсыз қалуы – даланың еркін баласы қазақтың кеңестік дәуірде торға түсіп, құлдыққа ұрынып, ұлт денесін құрсаған тоталитаризмді бейнелейді.

Абайдың рухани мұрасы әдебиеттанудың әртүрлі зерттеу тәсілдері, философияның танымдық ұстанымдары, тіл ғылымының жан-жақты талдау жасау әдістерімен қарастырылған болса, тарих ғылымында қолданылатын тарихи теңеу, салыстырмалар жасау, тарихи деректану, тарихи этнография, тарихылық хронологиялық өлшем, тарих пен уақыт санаты, тарихи кеңестік санаттары тұрғысынан ғылыми талдауға алынған жоқ,

теориялық мағыналары жағынан да ашылған жоқ. Бұл мәселенің басты себептері де белгілі – кеңестік дәуірде ұлт тарихшыларына қойылған тосқауыл, қатаң цензура, тиым салулармен байланысты себептерімен болды.

Патшазаманындағы қазақты орыстандыру, шоқындыру, геноцид жасауды көздеген арам саясатынан жалғасы ретінде болған, құрдымға кеткен қолдан біртұтас «совет халқын» жасау идеологемасы тұрғысынан, қазақ халқының өз алдына жеке ұлт, жеке мемлекет құрған сан ғасырлық тарихы бар түркі қауымының ішінде орны ерекше жұрт екенін сөйлетуге рұқсат етілмей келді. Кеңестік тарихи мектептің басты методологиялық ұстанымы адамнан гөрі әлеуметті, халықтан гөрі таптық күресті, ұлттан көрі қияли ұстаным, ұлттар достастығы туралы айту мәселесін жоғары қойды. Мұның қоғамға тигізген теріс әсері адамның адами болмысын сыйлау, оның жасампаз құдыретін түсіну деген асыл қасиеттерден айырды.

Ұлттың рухани тұрғыдан күйзеліс жағдайында тұрғанын көрсететін бір мысал – қазіргі қазақ қоғамында тумасынан тегі қазақ болса да ата дәстүрін сыйлау, ана тілін құрметтеу, тіпті өмірде өзін-өзі қазақ ұлтымен бір деп теңеу жағынан қиыншылық көріп отырған бір буынның пайда болғаны өтірік емес. Өзі қазақ, төлқұжаты да қазақ жазылса да, ұлттық тілі мен мәдениетінен ажырап, дәстүрлі діни түсініктен айнып, дәстүрлі салт-санасынан айырылып тұрғанда, «қазақстандық» деген жасанды «ұлт» тудыру концепциясы қазақ ұлтын құтқарудың орнына, құзға итеруі мүмкін. Мұның барлығы сол «біртұтас совет ұлтын» жасау саясатының жемісі мен жалғастығы ғана.

Абай бойындағы адами қынжылыс, рухани күйзеліс қазақ халқының болмысын ақыл-оймен парасаттап, оның болашағына үміт артып, бірақ халықты алға жетелейтін жақсы қасиеттерден көрі, жұртты артқа тартатын қараңғылық пен надандық, соқыр сенім мен бейжайлық, білім мен ғылымға ұмтылудан кешеуілдеп қалған қалпынан түңілуден шыққан сияқты.

Абай қазақ қоғамының да, өзге ұлт өкілдерінің жұртында болып жатқан үлкен өзгерістер туралы хабардар болып отырды, сол мәселеге қатысты еңбектермен жақын таныс болды. Оның жасаған заманы қазақ жерінде патша өкіметінің отаршыл саясаты



дендеп кіруі, Ресейде болса крепостнойлық қоғамы құрылысынан енді ғана шығып, капиталистік қарым-қатынастардың орнап жатқан уақыты. Ортағасырлық ескірген феодалдық, тозығы жеткен патриархалдық өмірден әлеуметтік ойдың күш алуымен енді ғана жаңа қоғам құруға бет алған өзгерістердің кіре бастаған мезгілі. Әйгілі орыстың қаһарлы Иван заманынан-ақ адамды езгіштейтін опричниктер, халықты қараңғылыққа түсіретін шіркеу иелері, жер иеленіп алушылары боярлары мен помещиктері, абсолюттік монархияның тұтқасын берік ұстаған орыс патшаларының жүргізген сан ғасарлық езушілік аяр саясаты адамға, оның еркіндігіне қарсы әрекеттерден құралған, крестьяндарын басыбайлы крепостной құлға айналдыру, жиырма бес жылға солдатқа салатын Ресейдің тарихында адам рухын сыйлауды білмейтін, мәдениетсіз, қараңғы, надан ел болған еді. Алдымен декабристер, артынан разночинецтер, народниктер, онан соң марксистер болып, халықты құтқармақшы болған орыс халқының озық ойлы өкілдері халықты езгіден, адамды құлдықтан азат етуді арман қылды, ізгі мұратқа қол сермеп, ағартушылықпен айналысты, әділдікке үндеді.

Абай қазақ халқының хал-ахуалы туралы терең толғанып, қазақтың тарихи өткен өміріне назар аударады. Тарихта қазақ халқы не тыңдырып қандай жолмен жүргенін байқады. Абай Құнанбайұлы «Осы мен өзім – қазақпын, қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?», деп өзіне сұрақ қоятын тоғызыншы сөзінде, егер мен қазақты жақсы көрсем, оның қылықтарын қоштап, бойынан адам жақсы көрерлік, көңіл тиянақтанарлық бір нәрсе табуым керек еді, үмітімді үзбей, жақсы қылығы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратуым керек еді, бірақ ондайым жоқ, – дейді. Ал егер мен қазақты жек көрсем, онда қазақпен сөйлеспей, мәжілістес, сырлас болмай, кеңестес болмауым керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды» демей жатуым керек еді, – деп жазды. – Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Болмаса тіпті қазақтың ортасынан көшіп кетуім керек еді. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен, – дейді. Мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін. Қазаққа ыза болғанымнан

ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, әлде бөтен бір себептен бе, сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмай, күлсем, қуана алмаймын. Сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлде кімдікі. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін, – дейді (Абай шығармаларының..., 1961: 446-447). Бұл ойлар қазақтың ахуалын салмақтаудан, өткені мен болашағы жайлы пайым жасаудың бір нәтижесі. Көңіл толмастық пен көңіл қимастық. Қазақтың бейқам тіршілігі мен Абайдың өзі айтатын, мұңдасарға кісі таппай, ой бөлісетін, сөз ұғарлық ортаның болмауына көңілі толмай, әлемде болып жатқан жан-жақты үлкен өзгерістерді көріп, біліп тұрса да, қазақ қоғамының қимылы баяу, үлкен әлеуметтік өзгеріске тым жылдам беймделе алмайтын қалпын, сырттан төніп келе жатқан қауіптерді сезді.

Бірақ Абай қайратты, қайсар тұлға. Ол өзінің қоғамдық көзқарастарын ғана білдірген жоқ, өз бетімен іске араласып, батыл шешім қабылдаған тұлға. Абай Шар бойында үш күннің ішінде жанына бірнеше адамды ғана алып, 100-ден артық баптан тұратын заңды жасайды. Абай қазақтың бұрынғы заңдарын жетік білетіндігін, сонымен қоса орыс заңдарын да терең меңгергенін көрсетіп, осылардың барлығын үйлестіре отырып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазып шығады. Абай қазақ елінің әдет-салтын, жете зерттей отырып, адам құқын жан-жақты қорғауға белсене қатысады. Осылайша үш күн, үш түн ішінде Қарамола съезіне арнайы заң ережесі жасалып, билер талқысынан өтеді.

Отаршыл патша үкіметі XIX ғасыр соңында қазақты уысында ұстауды қатаңдату үшін жаңа басқару тәртібін енгізіп, дін орындары мен мектептерді бақылауға алады. Қызылжар, Көкшетау, Кереку өңірлерінде мешіттерді жауып, дін ислам заңы, шариятқа тыйым салуға тырысуы ел ішінде дүмпу туғызып, Омбы мен Петерборға шағымдар түскен. Соның бірінде былай деп жазылған: «...енді 1901 жылдан бері тыныштықтан айрылдық, пәлеге душар болдық. Мұның себебі, аталмыш жылдың 19 сентябрь күні Троицкий дейтін ояз Көкшетау өңіріндегі жеті болыс елдің болыстары мен билерін съезге жинап алып, мынадай жарлық оқыды, «сендер, қазақтар, бұрын мұсылман дінінің заңы – шарият

бойынша өмір сүріп келген едіңдер, мұның өзі әбден ескірген устав... Енді шариғат заңын уағыздаушы молдалар жауапқа тартылады, бұдан былай билер бата береді, старшындар неке қияды» дегенді айтты. Мұны естіген қырғыз халық күңіреніп кетті...» делінеді.

Сол 1903 жылы Абай Шәймерден Қосшығұлов, Наурызбай Таласов – ел аузында Науанхазірет атымен белгілі, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және т.б. елдің игі-жақсыларымен хат жазысып отырған. Бірақ патшаның ұлықтары ел ішінен бас көтерген мұндай үнге өте-мөте үрке қараған, өкімет орындарының жаңа тәртібіне қайшы әрекеттер жасап, қарсы пікір айтушыларды қуғындап қатаң жазалап отырған. Сондықтан, мұрағат қорында сақталған құжаттарында, Семей облысының әскери губернаторына Семей полицмейстерінің баяндау хаттары, бұйрық, хаттамалары сақталған, мұнда: «Шыңғыс болысының қазағы болып аталатын Ибрагим Құнанбаев өзі тіркелген орында тұрады», «Сіздің өзіңіздің жарлығыңыз жөнінде Сіздің Хұзырыңызға мынаны баяндағым келеді: Құнанбаев фамилиядағы қазақтардан Семей қаласында 1-кластың гимназисі 12 жасар Нұғымат деген бар, ол Шыңғыс болысының қазағы, оның туысқаны Ибрагим Құнанбаев», «Сізге ... Семей почта-телеграф контторынан анықтап алып, дереу оның, хат жолданған адамның, үйінде прокурорлық қадағалау жүргізетін адамның бақылауымен кенеттен тінту жүргізуді, Құнанбаевтағы барлық хаттарды түгелдей алууды және сол сәтте-ақ оларды тінту протоколымен қоса маған табыс ет», «Сіздің мархабатыңыздан өзім саяси іс жөнінде тексеру қарекетін жүргізуді тапсырған Семей полицмейстеріне қажетті анықтаманы кідіріссіз алуына жәрдемдесуді өтінемін», «Ибрагим Құнанбаевқа келетін хаттардың мазмұнын анықтау қажеттігіне байланысты, сіздің мархабатыңыздан, Ертіс өзені арқылы өткел салынып болысымен-ақ дереу осы аталған Құнанбаев тұратын жерге аттануды, онда мұқият тінту жүргізуді, бұл жөнінде прокурорлық қадағалау жүргізетін адамға хабарлауды және Құнанбаевтан алынған барлық хаттарды маған табыс етуді ұсынамын» мазмұндағы бұйрық шешімдері бар (Байжанов, 2015: 170-177). Енді бір архив құжаттарында: «Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим

Құнанбаевтың аулына келдім және губернатор мырзаның жоғарыда айтылған ұсынысына сәйкес Құнанбаевтың қарамағындағы қыстау мен киіз үйлерде мұқият тінту жүргіздім, Құнанбаевтан және оның балалары Мағауия мен Тұрағұлдан табылған хат-хабарларды тартып алып, оларды куәгерлер: Шыңғыс болысы Рызықбай Құдайбердин мен Уезд басқармаларының хат жүргізушісі Оспановтың көзінше айрықша пакетке салып, Семей уезі басқармасының және Шыңғыс болысының мөрлерімен бекіттім, хат-қағаздар салынған пакетті Әскери губернатор мырзаның Хұзырына табыс етуге қаулы шығардым» деген мазмұндағы рапорттары бар (Байжанов, 2015: 172).

Сөйтіп, 1903 жылдың 7 наурыз, 25 сәуір күндері, Семейде, Жидебайда Абайдың үйінде тінту жүргізілген. 1903 жылдың наурыз айынан бастар жарты жыл бойы бұл тексерулер қазан айына дейін жалғасқан. Тіпті ол тергеулерді жақсы атқарғаны үшін «Ибрагим Құнанбаевқа жіберген хаты жөніндегі қатынас қағаздан Құнанбаевтан осы аталған хатты тартып алу үшін өзіңіз жұмсаған Семей уезінің бастығы Навроцкийдің бұл тапсырманы әбден ойдағыдай орындағанын ескере отырып, Сізден Коллегиялық Кеңесші Навроцкийге менің алғысымды жариялауыңызды өтінемін» деп жазылған (Байжанов, 2015: 174). Патшаның отаршыл үкіметінің жандармериясы, Семей уезінің бастығы мен полицмейстерлерінің осындай шектен шыққан оспадар амал-әрекеттері Абайдың жүйкесіне тигені де күмәнсіз.

Абай өмірдегі амал-әрекеттерімен, шығармашылығымен, рухани мұрасымен тарихи ғибрат пен тәлім беретін тұлға. Тарихи аспектілерінің бірі – Абайдың өмір сүрген заманындағы қазақ қоғамына қатысты болса, екінші жағы – Абайдың тарихи көзқарастары мен пайымдарына байланысты. Абайдың тарих туралы ой-танымы әлеумет пен адам болмысы жайындағы кешенді көзқарас болып табылады. Идеалық ықпал жағынан Шығыс өркениеті, Еуропа мәдениеті, Ұлы Далалық өмір шындығы мен оның өткен тарихы қалыптастырған түркілік, қазақтық және жалпы адамзаттық құндылықтар үлкен әсерін тигізген. Тарихи тұрғыдан да Абай ойшыл, тарихи философияға да назар аударған ізденгіш.



Әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә.Н. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы // Семипалатинский листок. – 1905. – 25-27 қараша; Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі. – Мына кіт.: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі / Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары». – Санкт-Петербург: Восточная электропечатная И. Бораганского, 1909. – 120 б.; Абай термесі. Өлеңдер жинағы. Бастырушы Самат Нұржанов. – Оренбург, 1917; Абай. Ыбырай Құнанбайұлының таңдамалы өлеңдері. – Ташкент, 1922. – 293 б.; Құнанбаев Т.А. Әкем Абай туралы // Абай Құнанбай ұлы. Толық жинақ / Жин. М. Әуезұлы, сөз басын жазған І. Жансүгірұлы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1933. – 408 б.; Жанатайұлы К. Абай туралы естелік // Бұл да сонда; Абайдың дүниетанымы және философиясы. – Мына кіт.: Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Том. 3 Қазақтың ағартушылық философиясы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 381 б. – 140-202 бб.
2. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 1. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 б. – 147-152 бб.
3. Тоқаев Қ.К. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» // дерек көзі: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomartokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-aty-makalasy>
4. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 7. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б. – 3-11 бб.
5. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – А., 1997; Дулати Мухаммед Хайдар. Тарихи-и Рашиди (Рашидова история): перевод с персидского языка. – А., 1999; Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.; Родословное древо тюрков, хивинского хана Абуль-Гази, в переводе Г.С. Сабдукова, с примечаниями Н.Ф. Катанова // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. – ХХІ. Вып. 5-6. – Казань: Типо-литография Императорского университета, 1905; Абуль-Гази-Багадур-Хан. Родословное древо тюрков. – М.-Т.-Б., 1996; Өтеміс қажы. Шыңғыс-нама / Дайынд. Юдин В. П., Әбусейітова М. Қ.. – А., 2005; Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч.. – А., 1984. – Т.1; Наушабайұлы Н. Мәнзумат Қазақия. – Қазан, 1903; Көпеев Юсуф. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Тарихи повесть. – Қазан: Типография Шарф, 1907. – 24 б.; Көпеев М.Ж. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. – Қазан: Электротипография Шараф, 1907. – 25 б.; Көпеев Юсуф. Хал-ахуал. Поэма. – Қазан: Домбровский баспаханасы, 1912. – 27 б.; Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі / Дайынд. С.Дәуітұлы. – А., 1993; Халиди Қ. Тауарих-и-хамса-и шарқи – Шығыстың бес тарихы: бірінші кітап. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Баспа-редакция орталығы, 2017. – 634 б.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – А., 2004; Дулатұлы М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы // Шолпан. 1923. № 3-5; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925.
6. Жиреншин Ә. Ақынның өмірі. – Мына кіт.: Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы / ред. Жиреншин Ә. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 693 б.
7. Халиди Қ. Тауарих-и-хамса-и шарқи – Шығыстың бес тарихы: екінші кітап. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Баспа-редакция орталығы, 2017. – 314 б.
8. Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – А., 1999. – 494 б.
9. Алыпсбек М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. – Астана: BG-Print, 2013. – 380 б.
10. Марғұлан Ә.Х. Абай қолжазбасы. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 3. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы : Қазақ университеті, 2015 – 272б. – 3-7 бб.
11. semeilib.kz - Абай атындағы Семей қаласының әмбебап ғылыми кітапханасының тарихы туралы ақпарат // https://semeilib.kz/?page_id=172.
12. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 2004. – 80 б.
13. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том. 35: Мақалалар,

зерттеулер. 1956–1957. – Алматы: «Дәуір», 2014. – 416 б. – 133-384 бб.; Әуезов М.О. Абайдың туысы мен өмірі (Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933)). – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 1. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 210б. -31-93бб.; Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқасы – 1940) . – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 12. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 302б. – 3-56 бб.; Абайдың өмірбаяны (үшінші нұсқасы). – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 12. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 302 б. – 57-138 бб.

14. Мұқанов С. Абай Құнанбаев. Монография // Мұқанов Сәбит. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Он алтыншы том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 169-391-бб.

15. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 464 б.

16. abai.alemi.kz - Мырзахметов М. Абайтану – ХХІ ғасыр көгінде // дерек көзі: [www https:// abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680](https://www.abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680)

17. Машанов А.Ж. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

18. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

19. Алпысбес М.А. Ғылым іздеуді адамның борышы санаған // «Аңыз адам» журналы. – 2019 ж. № 17. – 24-26бб.

20. Тұрғанбай М. Шежіре // «Абай». – 1918 ж. – № 1-2.

21. Абай шығармаларының 1-томдық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 693 б.

22. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

23. Сейфуллин С. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904). – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 1. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және

т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 258 б. – 174-181 бб.

24. Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 5. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 283 б. – 12-32 бб.

25. Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі. – Мына кіт.: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі / Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары». – Санкт-Петербург: Восточная электропечатная И. Бораганского, 1909.

26. Байжанов С.Б. Абайға қатысты кейбір архив деректері // – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 4. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 279 б. – 170-192 бб.

27. «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Материальное право / Маковецкий П.Е. – Омск: Типография окружного штаба, 1886. – 88 с.

28. Леонтьев А. Обычное право киргиз. (Судоустройство и судопроизводство) // Юридический вестник. – Том 5. – Москва: Типография Мантова и К., 1890. – №5-6. – май-июнь. Год XXII. – С. 114-139.

29. Малышев Н.Н. Положение киргизской женщины по обычному семейному праву киргизов (по адату) // Журнал Министерства юстиции. – СПб.: Сенатская Типография, 1904. – №2. – февраль. Год X. – С. 128-151.

30. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 445 б.

31. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев / Құрастырған С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д.Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

32. Байжанов С.Б. Қарамолада жазылған ереже // «Абай» тәуелсіз әдеби-көркем журналы, 1992 жыл, №3. – 70-77 бб.

References

1. Bökeihan Ä.N. Abai (İbrahim) Qūnanbaiūly // Semipalatinski listok. – 1905. – 25-27 qaraşa; Ysqaqūly K. Abai (İbrahim) Qūnanbai ūğlynyñ ömiri. – Myna kıt.: «Qazaq aqyny İbrahim Qūnanbaiūğlynyñ öleñi / Bastyrğan Kākitai, Tūrağūl Qūnanbai ūğlandary». – Sankt-Peterburg: Vostochnaia elektropechatnaia İ. Boraganskogo, 1909. – 120 b.; Abai termesı. Öleñder jinağy. Bastyrūşy Samat Nūrjanov. – Orenburg, 1917; Abai. Ybyrai Qūnanbaiūlynyñ tañdamaly öleñderi. – Taşkent, 1922. – 293 b.; Qūnanbaev T.A. Ākem Abai turaly // Abai Qūnanbai ūly. Tolyq jinaq / Jin. M. Āuezūly, söz basyn jazğan I. Jansūgirūly. – Qyzylorda: Qazaqstan baspasy, 1933. – 408 b.; Janataiūly K. Abai turaly estelik // Būl da sonda; Abaidyñ dūnietanymy jāne filosofiasy. – Myna kıt.: Qazaq filosofiasy tarihy (ejelgı dāuirde qazırqı zamañğa deın). Tom. 3 Qazaqtyñ ağırtuşılyq filosofiasy. – Almaty: QR BGM ĜK Filosofia, saiasattanu jāne dıntanu instituty, 2015. – 381 b. – 140-202 bb.
2. Aimauytov J., Āuezov M. Abaidyñ öneri hām qyzmeti. – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 1. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015 – 210b. -147-152 bb.
3. Toqaeв Q.K. «Abai jāne XXI ġasyrdağy Qazaqstan» // derek kızı: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomartokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
4. Qoigeldiev M. Abai tūlğasy men mūrasynyñ qazaq tarihyndağy orny. – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 7. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 307 b. – 3-11 bb.
5. Jalaiyr Q. Şejireler jinağy. – A., 1997; Dulati Muhammed Haidar. Tarihi-i Raşidi (Raşidova istoria): perevod s persidskogo iazyka. – A., 1999; Ābūlğazy. Tūrik şejiresi. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 208 b.; Rodoslovnoe drevo tūrkov, hivinskogo hana Abūl-Gazi, v perevode G.S. Sablukova, s primechaniyami N.F. Katanova // İzvestia Obşestva arheologii, istorii i etnografii pri İmperatorskom Kazanskom universitete. – HHI. Vyp. 5-6. – Kazan: Tipo-litografiya İmperatorskogo universiteta, 1905; Abūl-Gazi-Bagadur-Han. Rodoslovnoe drevo tūrkov. – M.-T.-B., 1996; Ötemis qajy. Şyñğys-nama / Daiynd. İudin V. P., Ābuseitova M. Q.. – A., 2005; Valihanov Ch.Ch. Kirgizskoe rodoslovie // Sobr. soch.. – A., 1984. – T.1; Nauşabaiūly N. Mānżumat Qazaqia. – Qazan, 1903; Köpeev İusuf. Saryarqanyñ kımдықı ekendığı. Tarihi povest. – Qazan: Tipografiya Şarf, 1907. – 24 b.; Köpeev M.J. Tırlıkte köp jasağandyqtan körgen bir tamaşamyz. – Qazan: Elektrotipografiya Şaraf, 1907. – 25 b.; Köpeev İusuf. Hal-ahual. Poema. – Qazan: Dombrovski baspahanasy, 1912. – 27 b.; Köpeiūly M.J. Qazaq şejiresi / Daiynd. S.Dāuitūly. – A., 1993; Halidi Q. Tauarih-i-hamsa-i şarqi – Şyğystyñ bes tarihy: bırıñşı kitap. – Astana: QR Ūlttyq akademiya qıtaphanasynyñ Baspa-redaksiya ortalyğy, 2017. – 634 b.; Qūdaiberdiūly Ş. Tūrik, qyrğyz-qazaq hām handar şejiresi. – A., 2004; Dulatūly M. Qazaq, qyrğyzdyñ aty, tegi turaly // Şolpan. 1923. № 3-5; Tynyspaev M. Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda. – Taşkent, 1925.
6. Jirenşin Ä. Aqynnyñ ömiri. – Myna kıt.: Abai şyğarmalarynyñ bir tomдық tolyq jinağy / red. Jirenşin Ä. – Almaty: Qazmemkōrkemādebbas, 1961. – 693 b.
7. Halidi Q. Tauarih-i-hamsa-i şarqi – Şyğystyñ bes tarihy: ekinşı kitap. – Astana: QR Ūlttyq akademiya qıtaphanasynyñ Baspa-redaksiya ortalyğy, 2017. – 314 b.
8. Sātbaev Q. Qazaqstan – menuñ Otanym. – A., 1999. – 494 b.
9. Alpysbes M.A. Qazaq şejiresi: tarihnamalyq-derektanulyq zertteu. – Astana: BG-Print, 2013. – 380 b.
10. Marğūlan Ä.H. Abai qoljazbasy. – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 3. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t.b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 272 b. – 3-7 bb.
11. semylib.kz - Abai atyndağy Semei qalasynyñ āmbabap ġylymi qıtaphanasynyñ tarihy turaly aqqarat // https://semylib.kz/?page_id=172.
12. Qūdaiberdiūly Ş. Tūrik, qyrğyz-qazaq hām handar şejiresi. – Almaty, 2004. – 80 b.
13. Āuezov M.O. Şyğarmalarynyñ elu tomдық tolyq jinağy. Tom. 35: Maqalalar, zertteuler. 1956–1957. – Almaty: «Dāuir», 2014. – 416 b. – 133-384 bb.; Āuezov M.O. Abaidyñ tuysy men ömiri (Abai ömirbaianynyñ alğaşqy nūsqasy (1927-1933)). – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 1. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015 – 210b. -31-93bb.; Abaidyñ ömirbaiany (ekınşı nūsqasy – 1940).

– Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 12. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t.b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 302b. – 3-56 bb.; Abaidyñ omırbaiany (üşinşi nūsqasy). – Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 12. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 302b. – 57-138 bb.

14. Mūqanov C. Abai Qūnanbaev. Monografia // Mūqanov Sābit. Tañdamaly şyğarmalar. On altı tomдық. On altynşy tom. – Almaty: Jazuşy, 1980. – 169-391-bb.

15. Baitūrsynūly A. Aq jol. – Almaty, 1991. – 464 b.

16. abai.alemi.kz - Myrzahmetov M. Abaitanu – HHI ğasyr kōginde // derek kōzi: [www https://abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680](https://abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680)

17. Maşanov A.J. Āl-Farabi jāne Abai. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 192 b.

18. Ābu Nasyr āl-Farabi. Tañdamaly traktattar. – Almaty: Arys, 2009. – 656 b.

19. Alpysbes M.A. Ğylym izdeudi adamnyñ boryşy sanağan // «Añyz adam» jurnaly. – 2019 j. № 17. – 24-26bb.

20. Tūrğanbai M. Şejire // «Abai». – 1918 j. – № 1-2.

21. Abai şyğarmalarynyñ 1-tomдық jinağy. – Almaty: Qazmemkōrkemādebba, 1961. – 693 b.

22. Ābu Nasyr āl-Farabi. Tañdamaly traktattar. – Almaty: Arys, 2009. – 656 b.

23. Seifullin S. Abai (İbrahim) Qūnanbaiūly (1845-1904). – Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 1. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 258 b. – 174-181 bb.

24. Aqynjanov M. Abaidyñ qoğamдық-saiasi kōzqarastarynyñ qalyptasuy. – Myna kit.:

«Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 5. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 283 b. – 12-32 bb.

25. Ysqaqūly K. Abai (İbrahim) Qūnanbaiūlynyñ omırı. – Myna kit.: «Qazaq aqyny İbrahim Qūnanbaiūğlynyñ oleñi / Bastyrğan Kākitai, Tūrağūl Qūnanbai ūğlandary». – Sankt-Peterburg: Vostochnaia elektropechatnaia Ī. Boraganskogo, 1909.

26. Baijanov S.B. Abaiğa qatysty keibir arhiv derekteri // – Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 4. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t.b. – Almaty : Qazaq universiteti, 2015. – 279 b. – 170-192 bb.

27. «Materialy dlā izuchenia iuridicheskikh obychev kirgizov. Vyp. 1. Materiālnoe pravo / Makoveski P.E. – Omsk: Tipografia okrujnogo ştaba, 1886. – 88 s.

28. Leontev A. Obychnoe pravo kirgiz. (Sudoustroistvo i sudoproizvodstvo) // İuridicheski vestnik. – Tom 5. – Moskva: Tipografia Mantova i K., 1890. – №5-6. – mai-iün. God XXII. – S. 114-139.

29. Malyşev N.N. Polojenie kirgizskoi jenşiny po obychnomu semeinomu pravu kirgizov (po adatu) // Jurnal Ministerstva iustisii. – SPb.: Senatskaia Tipografia, 1904. – №2. – fevrāl. God X. – S. 128-151.

30. Jūmabaev M. Şyğarmalar jinağy. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 445 b.

31. Māşhūr-Jūsip Kōpeev / Qūrastyrğan S.E. Nūrmūratov, B.M. Saterşinov, A.D.Şağyrbaev. – Almaty: QR BČM ČK Filosofia, saiasattanu jāne dıntanu instituty, 2013. – 359 b.

32. Baijanov S.B. Qaramolada jazylğan ereje // «Abai» tāuelsiz ādebi-kōrkem jurnaly, 1992 jyl, №3. – 70-77 bb.



Алпысбес М.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: alpysbes@gmail.com

АБАЙ И ЕГО ВРЕМЯ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ

Абай Кунанбайұлы, как и все великие мировые поэты, прежде всего – личность своего времени, своей эпохи, вдохновитель жизненных целей и идеалов своего народа. Степной гений, поэт-мыслитель, деятель, который любил родной народ, родную страну, родную землю, заботился о ее будущем, боролся с общественными негативными явлениями, препятствующими ее нормальному развитию. Гуманистические, исторические взгляды поэта не утратили своего значения и по сей день. Его жизненные принципы систематизированы знанием-учением, основаны на глубоком внутреннем здравомыслии, являются конструктивным подходом, исходящим из общего мировоззрения души. Автор статьи анализирует данный вопрос через призму истории становления независимости молодого государства.

Ключевые слова: Абай Кунанбайұлы, эпоха, общество, человек, духовное наследие, исторический взгляд.

Alpysbes M.

Eurasian National University
L.N. Gumilyova
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: alpysbes@gmail.com

ABAY AND ITS TIME AND HISTORICAL VIEWS

Abai Kunanbayuly, like all the great world poets, is first of all a personality of his time, his era, an inspirer of life goals and ideals of his people. A steppe genius, a poet-thinker, a figure who loved his native people, native country, native land, cared about its future, struggled with social negative phenomena that impeded its normal development. The poet's humanistic, historical views have not lost their significance to this day. His life principles are systematized by knowledge-teaching, based on deep inner sanity, and are a constructive approach that comes from the general worldview of the soul. In this regard, the author analyzes this issue from the point of view of the requirements for the independence of the young state.

Keywords: Abay Kunanbayuly, epoch, society, person, spiritual heritage, historical view.